



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ
М.Х.ДУЛАТИ АТЫНДАҒЫ ТАРАЗ Өңірлік Университеті

ЦИФРЛЫ ПЕДАГОГИКА

6-тақырып

Цифрлы трансформациялық білім
беру: қашықтан оқыту ерекшеліктері



БУЗАУБАКОВА Клара Джайдарбековна
п.ғ.д., профессор

ЖОСПАРЫ:

1)Қашықтан оқытудың ерекшеліктері.

2)Қашықтан оқыту жүйесіндегі ақпараттық технологиялар.

- 3) Қашықтан оқытудың жалпы принциптері.
- 4) Қашықтан оқытудың артықшылықтары

ҰСЫНЫЛАТЫН ӘДЕБИЕТТЕР:



Негізгі әдебиеттер тізімі:

- 1) Бузаубакова К.Д., Амирова А.С., Маковецкая А.А. Цифрлы педагогика: Оқулық. -Тараз: «ІП «Бейсенбекова Ә.Ж.», 2022. -314 б.
- 2) Палфри Дж.Дети цифровой эры. – М.: Эксмо, 2011. – 368 с.
- 3) Воинова О.И., Плешаков В.А. Киберонтологический подход в образовании: Монография / Под ред. В.А.Плешакова. – Норильск: НИИ, 2012. – 244с.
- 4) Петрова Е. В. Цифровая дидактика: проектирование процесса обучения и его сопровождение // Современное педагогическое образование. - 2018. -№ 4. - С. 87-91.

Интернет-ресурстар:

- 1) http://lib.dulaty.kz/rus2/all.doc/Elektron_res/Buzaubakova.html
- 2) <https://kk.wikipedia.org/wiki/>

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ

Қашықтан оқыту

Қашықтан оқыту – өткен ғасырдың соңында ақпараттық революция нәтижесінде пайда болған жаңа ақпараттық және технологиялық мүмкіндіктердің «ашық оқыту» идеясының негізінде пайда болған жаңа, прогрессивті оқыту түрі.

«Қашықтан оқыту» термині алғаш рет 1892 жылы Висконсин университетінде сырттай (корреспонденттік) курстар каталогында қолданылған және бұл тіркестің шығу тегі американдық болып табылады.

XX ғасырдың 70-жылдарының ортасынан 80-жылдарының басына дейін «қашықтан оқыту» термині «корреспонденттік оқыту», «тәуелсіз оқу», «үйде оқыту», «сырттай оқыту» терминдерінің синонимі ретінде немесе олардың жалпылама түрі ретінде ғана қолданылды.

«Қашықтан оқыту» ұғымының мәні

**M.G.Moore, M.M.Thompson,
J.R.Verduin, T.A.Clark**

«Қашықтан оқыту - кабельдік немесе спутниктік теледидар, бейне немесе аудио жазбалар, факс, модем, бейнеконференция сияқты білім беру ұйымынан тыс технологиялар арқылы білім беру бағдарламаларын тарату».

А.Долгоруков

«Қашықтан оқыту – мамандандырылған ақпараттық білім беру ортасын қолдана отырып, көпшілікке арналған білім беру қызметтерінің жиынтығы, оның ішінде іс-әрекеттік білім беру әдістемесі, қарқынды білім беру әдістері, білім беру ақпаратын қашықтықтан алмасу құралдары (қағаз нұсқасы және электронды медиа, спутниктік, теледидар, радио, компьютерлік желі және т.б.)»

**Ж.Қараев, Е.Балафанов,
Е.Есбосынов**

«Қашықтан оқыту – ашық білім беру идеясын жүзеге асыру тәсілі және оның нәтижесінде қалыптасатын арнайы әдістемелік және әдіснамалық әдіс-тәсілдердің жиынтығы»

Қашықтан оқытудың ерекшеліктері

Қашықтан оқыту – білім алушылардың өз бетінше білім алу принципіне негізделген білім беру үдерісінің жаңа жүйесі

Оқу үдерісінің мұғалім мен білім алушылар арасында АКТ пайдалану арқылы оқыту мен оқу үдерісін жүргізу мен ұйымдастырудың заманауи тәсілі

Оқу ортасы білім алушылардан негізінен және көбінесе толығымен мұғалімнен кеңістікте уақыт алыстығымен сипатталады, кез-келген уақытта телекоммуникация құралдарының көмегімен диалог жүргізе алады

Дербес компьютер, бейне және аудиотехниканы, ғарыштық және оптикалық-талшықты техниканы пайдалануға негізделген АКТ-ны қамтамасыз ететін **сырттай оқытудың жаңа түрі**

Білім алушының орналасқан жерінен белгілі бір қашықтықта жүзеге асырылатын жүйелі, мақсатты оқыту: оқыту мен оқу үдерістері кеңістікте ғана емес, уақыт бойынша да бөлінеді

Білім алушыларға оқытылатын материалдың негізгі көлемін жеткізуді, оқыту үдерісінде білім алушылар мен мұғалімдердің интербелсенді өзара іс-қимылы, білім алушыларға оқытылатын оқу материалын игеру, оқу үдерісінде өздігінен жұмыс істеу мүмкіндігін беруді қамтамасыз ететін **ақпараттық технологиялар жиынтығы**

Белгілі бір тақырыптар, оқу пәндері бойынша ұйымдастырылған, оқушылар мен мұғалім арасында, оқушылардың өздері арасында белсенді ақпарат алмасуды көздейтін ең жоғары деңгейде **АКТ-ның заманауи құралдарын пайдаланатын оқу үдерісі**

ЖОО-ғы оқыту принциптері (қағидаттары)

Жоғары оқу орнында білім беру мазмұнының ғылым (техника) мен өндірістің (технологиялардың) қазіргі заманғы және болжамды даму үрдістеріне сәйкестігі

ЖОО-да оқу үдерісін ұйымдастырудың жалпы, топтық және жеке нысандарын оңтайлы үйлестіру

Жоғары білімнің болашақ маманның тұлғасын дамытуға бағытталуы

Мамандарды даярлау нәтижелерінің олардың кәсіби қызметінің нақты саласында қойылатын талаптарға сәйкестігі, олардың бәсекеге қабілеттілігін қамтамасыз ету

Мамандарды даярлаудың әртүрлі кезеңдерінде оқытудың заманауи әдістері мен құралдарын ұтымды қолдану

Қашықтан оқыту принциптері

- 1 • Ізгілендіру принципі
- 2 • Бастапқы білім принципі
- 3 • Интербелсенді принципі
- 4 • Сәйкестендіру принципі
- 5 • Даралау принципі
- 6 • Жүйелілік оқыту принципі
- 7 • Ашықтық және икемділік принципі

Қашықтан оқытудың ақпараттық технологиялары

Қашықтан оқытудың ақпараттық технологиялары

Ақпаратты ұсыну технологиялары


Ақпаратты беру технологиялары

Ақпаратты сақтау және өңдеу технологиялары

Қашықтан білім беру технологияларының мәні



Offline технологиясының артықшылықтары



Электронды пошталармен және телеконференциялармен жұмыс істеуге арналған бағдарламалық жасақтаманың үлкен таңдауы.

Қазіргі заманғы пошта бағдарламалары хабарламаларды гипермәтіндік форматта жіберуге мүмкіндік береді: гиперсілтемелер, мәтін фрагменттерінің қаріп және түс белгілерін, графикалық кескіндерді енгізу және т.б.

КЕЙС ЖӘНЕ ЖЕЛІЛІК НЕМЕСЕ ИНТЕРНЕТ ТЕХНОЛОГИЯЛАРЫ

Кейс технологиясы

Ақпараттық тасымалдаушылардың әр түрлерін пайдалана отырып, өз бетінше оқуға арналған оқу-әдістемелік кешендердің мамандандырылған жиынтығы түріндегі ақпараттық білім беру ресурстарын білім алушыларға ұсынуға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Желілік немесе интернет технологиясы

Білім алушылардың ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін және оның субъектілерінің орналасқан жеріне қарамастан оқу үдерісін іске асыру мен басқарудың әдістемелік, ұйымдастырушылық, техникалық және бағдарламалық құралдарының жиынтығын қалыптастыру үшін жаһандық және жергілікті компьютерлік желілерді пайдалануға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Телекоммуникациялық (ақпараттық-спутниктік) технология

Телекоммуникациялық (ақпараттық-спутниктік) технология

Білім алушылардың цифрлық кітапханалар, бейне-дәрістер және басқа да оқу құралдары түрінде ұсынылған ақпараттық білім беру ресурстарына қол жеткізуін қамтамасыз ету үшін деректерді беру мен телехабар таратудың ғарыштық-спутниктік құралдарын, сондай-ақ жаһандық және локальдық желілерді басым түрде пайдалануға негізделген қашықтан білім беру технологиясы.

Қашықтан оқытудың желілік технологиялары

Дамытуды тежеу интернет қызметтерінің жоғары бағаларына байланысты

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ ЖАЛПЫ ПРИНЦИПТЕРІ

- 1 • Ашықтық
- 2 • Модульділік
- 3 • Құзыреттілік
- 4 • Икемділік
- 5 • Бейімделу
- 6 • Интегралдау
- 7 • Масштабталу
- 8 • Кеңейту
- 9 • Асинхрондық
- 10 • Параллельділік
- 11 • Көпшілділік
- 12 • Оқытудың даралығы
- 13 • Оқытудың сапалылығы
- 14 • Рентабельділік

Қашықтан оқытудың жалпы принциптері

Ашықтық – ақпараттық білім беру ресурстарының барлық заманауи стандарттарымен үйлесімділік, интернет, интернет-технологияларды қолдау.

Модульділік – белгілі бір пәндік аймақтың тұтас бейнесін жасайтын бір немесе бірнеше пәндерден модуль қалыптастыру мүмкіндігі.

Құзыреттілік – әрбір сала бойынша құзыреттілікті қалыптастыру және бағалау мүмкіндігі.

Икемділік – кез-келген уақытта және интернетке қол жетімді кез-келген жерде модуль мазмұнын игеру және таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша қажетті білім алу үшін әркімге қанша қажет болса, сонша оқуға мүмкіндік беру.

Бейімделу – пайдаланушылардың қажеттіліктеріне, оның ішінде ұлттық тілдерде және жеке ерекшеліктерді ескере отырып, оңай бейімделу мүмкіндігі.

Қашықтан оқытудың жалпы принциптері

Интегралдау – білім берудің белсенді жүйесін іске асыратын бірыңғай таратылған ақпараттық ортада оқытудың басқа нысандарымен және әдістерімен, сондай-ақ басқа да қашықтан оқытуға мүмкіндік беретін оқыту платформасымен ықпалдасу мүмкіндігі.

Масштабталу – өңделетін ақпарат пен бір мезгілде жұмыс істейтін пайдаланушылар саны өскен сайын жүйені қайта құру қажеттілігінің жоқтығына кепілдік беретін талап.

Кеңейту – пайдаланушылардың қажеттіліктеріне сәйкес бастапқыда қабылданған даму тұжырымдамасынан және технологиялық базадан тыс функционалдылықты арттыру мүмкіндігі.

Асинхрондық – оқыту технологиясын әрбір оқытушыға (тьюторға) және білім алушыға қолайлы уақытта және қарқынмен пайдалану мүмкіндігі.

Параллельділік – оқу процесін басқа кәсіби қызметпен біріктіру мүмкіндігі.

Қашықтан оқытудың жалпы принциптері

Көпшілділік – оқу ақпаратының көптеген көздеріне (электронды кітапханаларға, деректер базасына) қол жеткізе алатын және желілер арқылы немесе басқа ақпараттық технологиялар құралдарының көмегімен бір - бірімен және тьюторлармен сөйлесе алатын білім алушылар санының шектеусіз болуы.

Оқытудың даралығы – оқытуды дараландыруды күшейту және оқытудың тиімділігін арттыру үшін бөлінген оқыту әдістерін пайдалануға мүмкіндік беретін телебағдарламасы бар ақпараттық оқыту ортасын құру мүмкіндігі.

Оқытудың сапалылығы – тұратын жеріне және қарым-қатынас тіліне қарамастан оқу материалдарын дайындауға жоғары білікті мамандарды тарту, ал білім алушылар үшін семинарлар мен телеконференциялар арқылы топтық жұмысқа қатысу, белгілі бір мерзімге жаттығулар мен практикалық тапсырмаларды орындау, әртүрлі тестілеуден өту, қажетті қорытынды құзыреттілікті алу үшін өз бетінше басымдықтарды таңдау мүмкіндігі.

Рентабельділік – қашықтан оқыту жүйесі қызметінің құны көптеген ғимараттардың (оқу үдерісін, кітапхана мен зертханаларды және басқа да білім беру іс-шараларын ұйымдастыру үшін) болмауы және оқу материалдарының неғұрлым шоғырландырылған және біріздендірілген мазмұнын ұсынуы және білім алушылардың санына және басқа да факторларға бағдарлануы.

Қашықтан оқытудың ақпараттық білім беру ортасы


Қашықтан оқыту

Телекоммуникациялық технологиялар мен интернет ресурстарының көмегімен жүзеге асырылатын, бір-бірінен алшақ орналасқан оқытушылар мен білім алушылардың білім беру өзара әрекеттесуіне негізделген оқытудың бір түрі

Қашықтан оқытудың ақпараттық білім беру ортасы

Пайдаланушылардың білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған деректерді беру құралдары, ақпараттық ресурстардың, өзара әрекеттесу хаттамаларының, аппараттық-бағдарламалық және ұйымдастырушылық-әдістемелік қамтамасыз етудің жүйелі ұйымдастырылған жиынтығы.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ МАҚСАТЫ

Қашықтықтан оқытудың мақсаты

- Білім алушыларға тікелей тұрғылықты жері немесе уақытша болатын жері бойынша жоғары және орта кәсіптік білімнің негізгі және қосымша кәсіптік бағдарламаларын тиісінше жоғары, орта және қосымша кәсіптік білімнің білім беру ұйымдарының меңгеру мүмкіндігін беру



ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДЫҢ АРТЫҚШЫЛЫҚТАРЫ

Қашықтан оқытудың артықшылықтары

Білім алушының қызметін, оны ұйымдастыруды мұқият және егжей-тегжейлі жоспарлау, оқытудың міндеттері мен мақсаттарын нақты тоқтату, **қажетті оқу материалдарын жеткізу**

Білім алушы мен оқытушы арасындағы **ең жоғары мүмкін интербелсенділік**, білім алушы мен оқу материалы арасындағы кері байланыс, топтық оқыту мүмкіндігін беру

Білім алушыға білім алудан білімге дейінгі жол бойындағы дұрыс ілгерілеуі туралы ақпарат алуға мүмкіндік беретін тиімді **кері байланыстың болуы**

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР

Онлайн-форматқа бейімделудегі

қиындықтар

Білім алушылардан пассивті тыңдау және конспект күтілсе, онда виртуалды пікірталастар, жеке кабинетпен және әртүрлі мультимедиялық форматтағы материалдармен жұмыс істеу әрекетін қажет етеді.

Қалыпты ойлайтын білім алушыларға мұндай өзгерістерге бейімделу қиын болуы мүмкін. Ол үшін оқытушыларға және білім алушыларға арнайы ұсыныстар беріледі

Компьютерлік сауаттылықтың

төмен болуы

Көптеген адамдар әлі де дербес компьютермен (ДК) және MS Word және PowerPoint сияқты стандартты кеңсе қосымшаларымен ғана жұмыс істейді.

Тіпті тәжірибелі оқытушылар мен білім алушылар арасында қашықтан оқыту құралдарын, мысалы, білім беру онлайн платформалары, бейнеконференция байланыс жүйелері, байланыс және оқу материалдарын қарауға байланысты әртүрлі қосымшалар туралы түсініспеушілік туындауы мүмкін.

Техникалық мәселелер

Техникалық мәселелер көбінесе онлайн режимінде оқуға кедергі келтіреді.

Оқу платформаларының операциялық жүйелермен, браузермен немесе смартфондармен үйлесімділігі мәселелері туындауы мүмкін, ал интернетке қосылудың төмен жылдамдығы онлайн-сабақтарды өткізіп жіберуге немесе сабақтарды бейнеформатта жүктеудегі қиындықтарға әкелуі мүмкін.

ҚАШЫҚТАН ОҚЫТУДА КЕЗДЕСЕТІН ҚИЫНДЫҚТАР

Уақытты басқару негіздерін білмеу

Интернеттегі оқыту форматы ұсынатын еркіндік көбінесе қырағылықты қажет етеді және уақыттың шексіздігінің жалған сезімін тудырады. Қашықтан білім беру оның офлайн әріптесіне қарағанда тәртіп пен өзін-өзі ұйымдастыруға жоғары талаптар қояды, дегенмен бұл түсінік әлі қалыптаспаған. Уақытты дұрыс басқармау оқу бағдарламасынан едәуір артта қалып, қатты күйзеліске әкелуі мүмкін.

Өзін-өзі ынталандырудың әлсіздігі

Мотивацияның болмауы – барлық білім алушылар үшін ортақ мәселе. Онлайн-формат тапсырмаларды өз бетінше орындау, қызығушылық таныту және алға жылжу үшін күшті тәртіп пен мақсатты талап етеді.

Әлеуметтік өзара әрекеттесудің болмауы

Білім алушыларға оқшаулану сезімін жеңуге көмектесу үшін, қарым-қатынас жасау үшін блог немесе топтық чат құрыңыз, сонымен қатар оларды сұрақтар қоюға, бір-біріне көмектесуге немесе берілген тақырыптар бойынша пікірталасқа шақырыңыз. Интернеттегі ортада қауымдастық сезімін қалыптастыру үшін маңызды стратегиялар көмектеседі.

ЦИФРЛЫ ОРТАДА ҚАУЫМДАСТЫҚ СЕЗІМІН ҚАЛЫПТАСТЫРАТЫН МАҢЫЗДЫ СТРАТЕГИЯЛАР





**НАЗАР САЛЫП
ТЫҢДАҒАНДАРЫҢЫЗҒА РАХМЕТ!**



SMART
pedagog

